

Мазмұны

1	Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Труба» пәні бойынша білім беру бағдарламасы	3
2	Образовательная программа по предмету «Труба» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств	23

Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Труба» пәні бойынша білім беру бағдарламасы

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Труба» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Труба» пәні бойынша оқытудың мақсатын, нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) аккорд – бір уақытта алынған, жоғарылығы түрлі үш немесе одан көп музыкалық дыбыстардың үйлесімділігі;

2) амбушюрді қою – мүштікті ауызда мейлінше мақсатты орналастыру, амбушюр мен төменгі жақтың формасы мен іс-қимыл сипаты;

3) аппликатура – музыкалық аспапта ойнау кезіндегі саусақтардың орналасуы және алмасуы;

4) аппликатураны қою – саусақтардың аспапта орналасуы, саусақ аппараттарының нақты, үйлестірілген, тұрақты-рефлекторлық, еркін және үнемді қимылын ұйымдастыру;

6) артикуляцияны қою – тілдің қалпы, ауыз қуысының формасы;

5) арпеджио – фортепианода, бірнеше клавишалық (ксилофон, виброфон) және ішекті аспаптарда дыбыс бірінен соң бірі шығатындай аккордтарды орындау тәсілдері;

7) дыбыс шығару – музыкалық аспапта ойнау және ән айту барысында дыбысты алу, шығару;

8) дыбыс шабуылы – қандай да бір музыкалық аспапта ойнау кезінде немесе вокалдық партияларды айту кезінде дауыстарды шығаруға қажетті дыбыс шығарудың алғашқы импульсі; дыбыс шығару тәсілдерінің кейбір нюансировкалық сипаттары, орындаушылық штрихтары, артикуляциялар мен баса айтулар;

9) жалпы қою – аспапты қолда ұстаудың ыңғайлы тәсілі, дененің, бастың, қолдың, саусақтар мен аяқтың дұрыс орналасуы;

10) орындаушылық аппаратты қою – тыныс алуды еркін басқарудың тәсілі және ойнау процесінде тынысты шығаруды алмастыру ережесі.

3. Бағдарламаның мақсаты: білім алушылардың игерген білімдері, трубада ойнаудың дағдылары мен біліктері негізінде олардың музыкалық-шығармашылық қабілеттерін дамыту.

4. Бағдарламаның міндеттері:

Оқыту:

1) трубада музыкалық орындау құралы ретінде музыкалық сауаттылықты оқыту;

2) музыкалық орындау саласында арнайы құзыретті қалыптастыру;

3) музыкалық шығармаларды жалғыз және ансамбльде сауатты орындауға мүмкіндік беретін трубада ойнаудың негізгі орындаушылық әдістерін оқыту;

4) музыкалық шығармаларды эмоциялық және шығармашылық тұрғыдан орындау дағдыларын қалыптастыру.

Дамыту:

1) балалардың музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

2) композитордың шығармашылық ойын іске асыруға арналған қажетті

құрал ретінде орындау техникасын дамыту;

3) ойынның техникалық дағдыларын дамыту;

4) жеке дара және ұжымда жұмыс істеу дағдысын дамыту.

Тәрбиелік:

1) білім алушылардың әртүрлі халықтың рухани және мәдени құндылықтарын құрметтеуге және қабылдауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту;

2) балаларда коммуникативтік дағдыларды, жауапкершілік сезімін және тәртіптілікті қалыптастыру;

3) білім алушыларда эстетикалық көзқарасты, адамгершілік ұстанымдарды және рухани құндылықтармен қатынас жасау қажеттіліктерін қалыптастыру.

5. Білім беру бағдарламасын меңгеру мерзімі - жеті жыл.

6. Бағдарламаны іске асыруға арналған оқыту уақытының көлемі осы бұйырықтың 1-қосымшасында көрсетілген балалар музыка мектебінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықталады. Оқыту жеке формада іске асырылады.

7. Оқу пәнінің мақсаты тұлғалық, танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дамытудың негізгі міндеттері арқылы іске асырылады. Оқыту мазмұны оқыту процесінде қалыптасатын қимыл тәсілдерімен, музыкалық шығармашылықпен араласу формаларымен өзара байланыста іске асырылады.

8. Бағдарламаның ерекшелігі балалардың трубада ойнау бойынша білім, білік және дағдыларын меңгеруге, шығармашылық қызмет тәжірибесін, жеке және ансамбльде орындаушылық тәсілдерін алуға жалпы дамытушылық бағыты болып табылады.

9. Бағдарлама дәстүрлі оқытуға, әр білім алушыға сараланған тәсілмен келу, көркемдік-бейнелі ойлауды дамытуға, балалардың рухани және мәдени құндылықтарын меңгеруіне, музыка өнері саласындағы дарынды балаларды анықтауға бағдарланған.

10. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды.

11. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу қағидаттары:

- 1) балалардың табиғи қабілеттерін дамытудағы біртіндеушілік;
- 2) музыкалық сөздік қорын және техникалық тәсілдерді меңгерудегі қатаң жүйелілік;
- 3) сабақтардың жүйелілігі және ұдайылығы;
- 4) оқу процесінің мақсаттылығы.

12. Бағдарлама трубада ойнау техникасын меңгергісі келетін, қазақ, орыс, халық әуендерін, әлем халықтарының музыкасы мен классикалық шығармалардың өңдеулерін орындап үйренгісі келетін балаларды оқытуға арналған.

13. Бағдарлама болашақ музыканттың әрі қарай жүргізетін практикалық қызметіне қажетті көлемдегі трубада ойнау тәсілдерін меңгеруіне жағдай жасайды.

14. Бағдарлама білім алушының шығармашылық, эстетикалық, рухани-адамгершілік дамуына бағытталған және жеке, ансамбльде, оркестрде орындаушылық дағдыларын меңгеруге, музыкалық өнерді зерттеу және меңгеру барысында өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын алуға мүмкіндік береді.

15. Бағдарлама музыкалық қабілеттері, дайындықтары және жалпы дамуы түрлі деңгейдегі балаларға арналған. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды. Педагог музыкалық білімді меңгерудегі қолжетімділікке, сатылылыққа және жүйелілікке, балалардың бойында музыкаға деген қызығушылығын оятуға ерекше көңіл бөледі.

16. Білім беру бағдарламасы білім алушының:

- 1) музыкалық сауаттың қажетті деңгейіне сәйкес музыкалық шығармаларды шығармашылықпен орындауға мүмкіндік беретін білім алушының трубада ойнаудың білім, білік және дағдыларын меңгеруі;
- 2) білім алушының шығармашылық қызметі тәжірибесін алуы;
- 3) білім алушының әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеруі;
- 4) музыкалық білім алуы және музыкалық мәдениетке араласуы;
- 5) білім алушының бойында музыка өнері саласындағы негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын әрі қарай меңгеруіне ықпал ететін

білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастыруға ықпал ететін жеке қасиеттерін тәрбиелеуге бағытталған.

17. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

1) білім алушының даралығына сәйкес оның тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, өзін-өзі кәсіби анықтауына, зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;

2) білім алушының бойында оқуға деген оң уәждемелерін қалыптастыруға;

3) білім алушының тұлға ретінде дамуына және өзін-өзі жетілдіруіне ықпал ететіндей тұлғаға өзін-өзі тануда, олардың өзіне шынайы баға беруіне және нақты өмірлік жағдайларда бейімделуінде, қиын жағдайларды жеңуде және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсетуге;

4) бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім алушыға психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған.

18. Білім алушыға қажетті орындаушылық дағдыларды және біліктерді үйрету мазмұны, сипаты және стилі жағынан түрлі көркемдік шығармалармен жұмыс істеу процесінде іске асырылады, ал музыкалық тәрбие беру халық музыкасын, қазақстандық, орыс және шетел композиторларының шығармашылығын үйретуге негізделеді.

19. Ұжыммен музыка ойнаудың негізгі практикалық міндеті – ансамбльде ойнаудың арнайы дағдыларын қалыптастыру, ансамбльдің шығаратын үнін есту білігі, біркелкі ырғақтық қағысты есту, келісілген және ауыспалы-икемді ырғақта көркем түрде ойнау, бірге орындау, ансамбль қатысушыларымен өзара әрекеттесу.

20. Бағдарлама білім алушының жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттеріне (оқу пәні шеңберінде меңгерілген арнайы білім, білік және дағдылар) қол жеткізуге бағытталған.

21. Бағдарламаның әдістемелік негізі:

1) тұлғаны қалыптастыруға деген тұтастық тәсіл тұжырымдамасы;

2) оқытудағы жас, жеке-қызметтік, жеке-сараланған және мәселелі-зерттеу тәсілдері;

3) заманауи педагогиканың жалпы дидактикалық постулаттары, білім беру процесінің белгілеген мазмұны, формалары және тәсілдері;

4) оқытудың дамытушылық мәнмәтініндегі білім алушының шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту мәселелерін әзірлеу;

5) көрнекті педгогтер мен музыка танушылардың теориялық ережелері мен әдістемелік нұсқаулары.

22. Оқу материалының мазмұнын іріктеудің педагогикалық қағидағтары:

1) табиғи сәйкестік және қолжетімділік қағидаты білім алушының жас ерекшеліктерін ескеріп, білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуына көмектесетін, тыңдауға, үйренуге, орындауға лайық оқу материалын іріктеп алуға мүмкіндік береді;

2) сабақтастық қағидаты білім алушының музыкалық-орындаушылық қызметі және оның мазмұны деңгейінде оқытудың барлық сыныптары арасындағы байланысты білдіреді;

3) оқытуды дараландыру қағидаты аспапта ойнаудың орындаушылық дағдыларын практикалық меңгерудің негізгі тәсілі болып табылады;

4) шығармашылық қағидаты білім алушының қабілеттерін және бейімділіктерін ашады, жетістік жағдайын құруға, өнермен қуана араласуға ықпал етеді.

23. «Труба» пәніне жеке оқытудың ерекшелігі оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын және репертуар кешенін таңдаудың вариативті болуына жағдай жасайды.

24. Қойылған міндеттерді орындау үшін қолданылатын оқыту әдістері:

1) ауызша тәсіл – әңгімелесу, айтып беру, түсіндіру, пікірталас;

2) көрнекілік-демонстрациялық – педагогтің шығарманы орындауы, бақылау, интерактивті және мультимедиялық таныстыру рәсімін көрсету;

3) практикалық – аспаппен орындалатын жаттығулар, дайындық жаттығулары, шығарманы өз бетінше талдау, шығарманың жеке бөліктерімен жұмыс;

4) талдау – салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту;

5) эмоциялық – ассоциацияларды, бейнелерді, көркемдік әсерлерді таңдау, музыкалық бейнелі ойлауды дамыту.

25. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттері, шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады. Оқу процесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылады.

26. Сабақ формалары:

1) практикалық – ойнау тәсілдері мен дағдылары аспапта пысықталады;

2) топтық сабақтар ансамбльде ұжыммен музыка ойнау үшін өткізіледі;

3) дайындық-концерттік (дайындық және концерттік нөмірлерді көпшілік алдында көрсету);

4) байқаулар;

5) ойын сабағы (сабақ барысында ойын технологияларын

қолдану);

6) экскурсия сабағы.

27. Сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы педагогтің білім алушылармен жүргізетін жеке сабақтары болып табылады. Сабақ жоспары бір уақытта өткізілетін теориялық және практикалық сабақтардан құралады.

28. Жұмыстың сабақтан тыс формаларының түрлері:

- 1) ансамбльде ойнау;
- 2) концерттік, байқаулық қойылымдарға дайындық;
- 3) шығармашылық және мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысу;
- 4) филармонияларға, театрларға, концерттік залдарға, мұражайларға бару;
- 5) музыка қайраткерлерімен, орындаушылармен, композиторлармен кездесу.

29. Осы бағдарлама негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың анықталған сынып үшін ұтымды және барынша тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

30. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:

- 1) титул парағы;
- 2) түсінік хат;
- 3) оқу қызметін жоспарлау;
- 4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

31. Титул парағындағы негізгі мағлұматтар:

- 1) білім беру ұйымының аталуы;
- 2) оқу пәнінің аталуы;
- 3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;
- 4) оқу жұмыс бағдарламасының жұмыс мерзімі (оқу жылы);
- 5) педагог туралы қысқа мағлұмат;
- 6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

31. Түсінік хаттың мазмұны:

- 1) негіздеме ретінде білім беру бағдарламасы;
- 2) анықталған сыныпта пәнді оқыту кезіндегі өзекті педагогикалық мақсат пен міндеттер;
- 3) анықталған сыныптағы оқытудың ерекшеліктері (дамытушылық, түзету-дамытушылық, дарынды балалармен жұмыс);
- 4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;

5) себептері мен өзгерістердің мақсаттарын нұсқай отырып, жеке тақырыптық блоктарды (тарауларды) меңгеру мерзімдерін және/немесе уақытын өзгерту туралы ақпаратты көрсету.

32. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушылардың қызметтерінің сипатын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан, сыныптар бойынша репертуарлық тізбеден құралады.

33. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

- 1) білім алушыларға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;
- 2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер тізбесі;
- 3) оқу-көрнекілік құралдар тізбесі.

34. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

35. Педагог оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әр білім алушыға арналған оқытудың жеке жоспарын құрады. Жеке жоспар білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуының үйлесімді процесін сипаттайды.

36. Білім алушының жеке жоспары әр жартыжылдыққа құрылып, оны беру ұйымының басшысы бекітеді, журналға немесе білім алушының жеке іс қағаздарына енгізіледі.

37. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында, жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріліп, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

Бір сыныптың өзінде жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалары күрделілік деңгейі бойынша бірі бірінен біршама ерекшеленеді.

38. Білім алушының жеке жоспары репертуарлық кең үрдісті, халықтық, классикалық және композиторлық техниканың элементтері бар заманауи музыканы енгізу арқылы репертуарды жаңартуды және байытуды көрсетеді.

39. Оқу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, білім алушылардың музыкалық-орындаушылық қабілеттерінің табысты және жан-жақты дамуы толығымен алғанда жұмыстың мұқият жоспарлануына, репертуардың дұрыс іріктелуіне тікелей байланысты болады.

40. Педагог әрбір білім алушының музыкалық қажеттіліктерін және дарындылық ерекшелігін ескеріп, әрқайсысына жеке репертуарлық стратегия әзірлейді.

41. Педагог музыкалық шығармалардың жеке репертуарлық тізбесін қалыптастырады, шығармаларды жүйеге келтіреді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

42. Репертуарлық тізбе қазақ, орыс, шетел музыкасы, көркемдік деңгейі жоғары заманауи композиторлардың балалар мен жасөспірімдерге арналған пьесаларын, мультфильмдерден, балаларға арналған кинофильмдерден алынған танымал әндерді, халық музыкасын қамтиды.

43. Педагог оқу процесінде ладтық, үндестілік, ырғақтық және әуендік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ халық әндері мен күйлерінің өңдеулерін, қазақстан композиторларының шығармаларын кеңінен қолданады.

44. Оқу репертуарының әр түрлі жанрдағы және стильдегі шығармаларға қанық болуы музыкалық материалды оқуға, салыстыруға, жүйелеуге оңтайлы жағдай туғызады.

45. Педагог репертуарлық тізбеге отандық жән шетел композиторларының композиторларының шығарған үздік пьесаларын енгізе отырып оны жүйелі түрде жаңартады дәне толықтырады.

46. Педагог күрделілігі төмендеу тапсырмадан мейлінше күрделі тапсырмаға біртіндеп ауысу, білім алушыға музыкалық мазмұны жағынан, сондай-ақ орындау техникасы жағынан қолжетімді болатындай материалдарды тандай отырып, оқыту әдістемесін және білім алушының репертуарын ойластырады.

47. Педагог репертуармен жұмыстың аяқталу деңгейін бекітеді, шығармаларды үйрену кезеңдерін белгілейді, бағдарламаның көлемін және күрделілігін түрлендіреді, әр білім алушының тұлғалық және жеке тәсілдерді ескеретін жаңа репертуардың есебінен репертуарлық тізбені толықтырады.

48. Педагог репертуармен жұмыс істеу барысында шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте (емтихандық) орындауға, қалған бөлігі – сыныпта жұмыс істеуге немесе таныстыру мақсатына арналатындығын ескереді.

49. Жеке жоспарға білім алушының музыкалық орындаушылық, көркемдік, техникалық мүмкіндіктерінен жоғары және оның жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін шығармалар енгізілмейді.

50. Білім алушылардың музыкалық дүниетанымын кеңейту үшін, сыныпта егжей-тегжейлі оқытылатын шығармалардан бөлек, жұмыстың түрлі аяқталу деңгейіне жол бере отырып, жаттап алуды талап етпей, түрлі сипаттағы пьесалардың қатарымен таныстырылады.

51. Жеке жоспардың міндетті тараулары:

- 1) гаммалармен жұмыс;
- 2) этюдтермен және жаттығулармен жұмыс;
- 3) классикалық және заманауи авторлардың пьесаларын орындау;
- 4) Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау;
- 5) халық әндерінің және билерінің өңдеулері;
- 6) ансамбльдің құрамында жұмыс істеу;
- 7) ноталарды парақтан оқу дағдылары.

52. Әр жарты жылдықтың соңында педагог бекітілген жеке жоспардағы репертуарлық тізбеге енгізілген өзгерістерді көрсетіп, жоспардың орындалуын белгілейді, ал жылдың соңында білім

алушының музыкалық және техникалық дамуына, жетістіктері және еңбек қабілеттеріне сипаттама береді.

53. Жылдың соңындағы білім алушыға берілген мінездеме даралығының келесі жақтарын ашып көрсетеді:

- 1) музыкалық қабілеттерінің деңгейі (естуі, ырғақ, жады);
- 2) білім алушының аталған аспапқа деген орындаушылық аппаратының сәйкестігі;
- 3) аспапқа икемделу деңгейі;
- 4) жалпы дамуы, эмоциялығы, қабылдауы, реакциясының жылдамдығы;
- 5) музыкамен айналысуға көзқарасы;
- 6) еңбекке қабілеттілігі, жинақылығы;
- 7) өз бетінше жұмыс істеу білігі;
- 8) мәтінді талдаудағы сауаттылық дәрежесі;
- 9) музыкалық шығармаларды меңгеру жылдамдығы;
- 10) жылдың соңындағы жетістіктері;
- 11) білім алушының музыкалық-техникалық дамуындағы кемшіліктері және оларды жеңу бойынша міндеттері.

54. Білім алушыны сипаттауда мақсатқа жетуге ұмтылуы, көркемдік қиялының болуы, аспапты еркін игеруі, техникалық жағынан еркіндігінің болуы сияқты жеке қасиеттері көрсетіледі.

55. Білім алушылардың өз бетінше жұмыстары күнделікті жүргізіледі. Өзіндік жұмыс көлемі балалардың жалпы орта білім беру бағдарламаларын игеруімен қатар үй тапсырмасына дайындалуға кететін уақыт шығынын, сондай-ақ білім беру ұйымында қалыптасқан педагогикалық дәстүрлерді және әдістемелік дұрыстығын ескере отырып анықталады.

56. Жеке үй жұмысы бірнеше тәсілмен жүргізіледі және мамандық бойынша педагогтің ұсынысына сәйкес құрылады. Бірінші кезекте ең күрделі тапсырмалар пысықталады. Педагог білім алушының зияткерлік және физикалық мүмкіндіктерін ескеріп, қандай да бір шығармаға жұмсалатын уақытты анықтайды.

57. «Труба» пәнінің үлгілік оқу жоспарындағы «Сольфеджио», «Қазақ музыка әдебиеті», «Әлемдік музыка әдебиеті», «Ұжымдық музыка ойнау» пәндерімен пәнаралық байланысы білім алушылардың түрлі көркемдік түсініктерді тұтас түсінуге итермелейді.

58. 1 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы кіші октаваның барлық регистрін, кілттегі бір белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммаларды, тік қозғалыстағы арпеджиоланған үшдыбыстылықты, тұтас жарты, төрттік ұзақтықтағы гаммалар мен арпеджионы, *detache*, *legato* штрихтарын, бірінші және кіші октавадағы аппликатураларды, *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық ерекшеліктерді, секунда, терция, кварта интервалы ширегіндегі

жаттығуларды, 6-8 этюдтер мен жаттығуларды, меңгерілген диапазон шеңберіндегі 4-6 жеңіл пьесаны меңгереді.

59. 1 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Аспаптармен танысу, оларға күтім жасаудың қағидалары. Дұрыс тыныс алумен жұмыс. Денені, қолдарды, басты, амбушюрды ұтымды қою қағидалары. Дыбыс шығарумен жұмыс. Қарапайым ырғақ формулаларын зерделеу. Парақтан оқудың және транспонирлеудің бастапқы дағдыларын игеру.

2-тақырып. Орындау аппаратын дұрыс қою. Трубада ойнаушының дұрыс тұру қағидаларын – денесін, аяқтарын, басын, саусақтарын, сондай-ақ ойнау кезінде аспапты дұрыс ұстау қағидаларын үйрену. Трубаның тарихы, қазіргі трубалардың құрылысы, оның бөлшектерінің атаулары, ойын кезіндегі олардың өзара байланысы жөніндегі материалдармен; труба мен мундштукке күтім жасау қағидаларымен танысу. Амбушюр түсінігін практикалық игеру. Ерін бұлшықеттерін, тыныс алудың негізгі түрлерін дамыту. Қарапайым орындау дағдыларын игеру: дыбыс шығаруға дайындалу; тыныс алу-шығару; табиғи дыбыс шығару.

3-тақырып. Техникалық даму. Техникалық тәсілдерді дамыту және қатаң шабуыл арқылы орындау аппаратын нығайту. Шабуыл тәсілдерін практикалық игеру, «ту» деген буынды нақты, дұрыс айтуды (артикуляция) – қатаң шабуылды қолдану. Дыбыстарды шығару, қолдану, біріктіру және аяқтау кезінде (*detache*, *legato*) қолданылатын негізгі штрихтарды игеру. Біркелкі, таза, дауыс ырғағы жағынан тұрақты, динамикасы жағынан әртүрлі дыбысты пысықтау.

4-тақырып. Музыкалық-көркем тапсырмалар. Музыкалық образдық ойлауды, музыкалық фразалар мен ұсыныстар құрылымын сезіне білу мен бере білу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту. Музыкалық-ырғақ сезімін, қарапайым ырғақ топтары мен топардың дәйектілігін қабылдау және жасай білу біліктерін дамыту. Шығарманың жанрлық ерекшеліктерін қабылдау және беру біліктері.

60. 1 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

1 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) трубада ойнаудың негізгі тәсілдерін, музыкалық сауатты біледі;

2) парақтан оқудың алғашқы дағдыларын, жеңіл пьесалар мен этюдтерді орындауды біледі;

3) кіші октаваның барлық регистрін пайдланып, кілттегі бір белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммаларды ойнай алады;

4) тік қозғалыстағы арпеджиоланған үшдыбыстылықты, тұтас жарты, төрттік ұзақтықтағы гаммалар мен арпеджионы, *detache*, *legato*

штрихтарын, бірінші және кішу октавадағы аппликатураларды ойнай алады;

5) секунда, терция, кварта интервалы ширегіндегі *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық ерекшеліктерді ажыратуды және ойнауды біледі;

6) меңгерілген диапазон шеңберінде этюдтерді, жеңіл пьесаларды трубада ойнауды біледі;

7) аспапта ойнау кезінде шығарманың жанрлық ерекшеліктерін жеткізуді біледі.

61. 2 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1) білім алушы кіші октаваның барлық регистрін, кілттегі бір белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммаларды, тік қозғалыстағы арпеджиоланған үшдыбыстылықты, тұтас жарты, төрттік ұзақтықтағы гаммалар мен арпеджионы, *detache*, *legato*, *staccato* штрихтарын, бірінші және кіші октавадағы аппликатураларды, *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық ерекшеліктерді, баяу қарқында орындалатын ұзақ дыбысты жаттығуларды, секунда, терция, кварта интервалы шеңберіндегі *detache*, *legato*, *staccato* штрихтарын, 8-10 этюдтер мен жаттығуларды, меңгерілген диапазон шеңберіндегі 6-8 жеңіл пьесаны меңгереді.

62. 2 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Амбушюрмен, дыбыспен, дауыс ырғағымен, ырғақпен жұмыс істеуді жалғастыру. Штрихтарды зерделеу. Аспаптарды баптаумен танысу. Музыка терминологиясын кеңейту. Парақтан оқу және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

2-тақырып. Орындау аппаратын дұрыс қою. Орындау аппаратын *piano* және *mezzo forte* дыбыстарын ұзақ уақыт бойы ұстап тұру ойыны кіретін жаттығулар кешені арқылы қалыптастыру. Аспаптарды күту және жай-күйін тексеру бойынша дағдыларды бекіту (бұрандалы тетіктерді, крондарды майлау, аспапты жуу, крон мен жалпы құрылымын баптау). Ойын техникасын дамыту үшін тәсілдерді пысықтау (тыныс алу және музыкалық баса айту).

3-тақырып. Техникалық даму. Техникалық тәсілдерді одан әрі дамыту және қатаң шабуыл, ойын кезінде дауысты және дауыссыз дыбыстарды айту арқылы орындау аппаратын нығайту. Ерінмен жұмыс (төзімділік, қозғалғыштық), саусақтармен жұмыс істеудің (жылдамдық, нақтылық, орындау аппаратының барлық элементтерімен үндестік) функционалдық дағдыларын пысықтау. Штрихтарды (*detache*, *legato*, *staccato*) жеке және жұптық комбинацияда (*legato* и *detache*, *legato* и *staccato*) қолдана отырып, гаммалармен жұмыс істеу. Тыныс алуды дұрыс ауыстыра отырып орындаумен жұмыс істеу (кіріспе тоннан кейін тыныс алу).

4-тақырып. Музыкалық-көркем тапсырмалар. Білім алушының музыкалық орындауға қатысты қызығушылық қатынасын тәрбиелеу.

Нота мәтінін ғана емес, музыкалық шығарманың көңіл-күйін беруге ұмтылу. Ырғақта күшті және әлсіз уақытты бере білу, ойын процесінде талап етілетін дыбыс сипатын жатқа білу дағдылары. Фортепианомен ансамбльде ойнау дағдыларын жетілдіру.

63. 2 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

2 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады.

1) кіші октаваның регистрін қолданып, кілттегі екі белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммаларды, қалыпты қарқындағы тік қозғалыстағы арпеджионы орындайды;

2) тұтас жарты, төрттік ұзақтықтармен, *detache*, *legato*, *staccato* штрихтарымен гаммаларды және арпеджионы, бірінші және кіші октавадағы аппликатураны орындайды;

3) *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық ерекшеліктерді қолданып жаттығуларды орындайды;

4) тактідегі күшті және әлсіз уақыттарды жеткізуді біледі;

5) жатқа ойнау кезінде дыбысталудың талап етілетін сипатын көртесете алады;

6) фортепианомен ансамбльде ойнау дағдыларын біледі.

64. 3 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы кілттегі үш белгіге дейін мажорлы және минорлы гаммаларды, әртүрлі ұзақтықтармен, *detache*, *legato*, *staccato* штрихтарымен гаммалар мен арпеджиоларды, *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық реңктермен, секунда, терция, кварта штрихтарымен жаттығуларды, интервалдар аралығындағы жаттығуларды, 8-10 этюд пен жаттығуларды, меңгерілген диапазон шеңберіндегі 6-8 жеңіл пьесаны меңгереді.

65. 3 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Орындау техникасының элементтерімен, дыбыс шығару және оның сапасын жақсартумен үйлестірілген жұмыс істеуді дамыту. Ойын диапазонын кеңейту. Орындау техникасын кешенді дамыту. Штрихтарды одан әрі игеру. Парақтан оқу және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту.

2-тақырып. Орындау аппаратын дұрыс қою. Жаттығулар, этюдтер, гаммалар, арпеджио, пьесалар ойыны арқылы *staccato* штрихын орындау техникасын дамыту. Қатаң шабуылды еркін және батыл қолдану арқылы, сондай-ақ буындарды нақты айтуға, еріннің төзімділігін және тілдің қозғалмалылығын нығайтуға көмектесетін жаттығулар арқылы ерін мен тіл техникасын жетілдіру.

3-тақырып. Техникалық даму. Оқытудың техникалық міндеттеріне сәйкес келетін толық, біркелкі дыбысты орындауды пысықтау. Білім алушының қабілеттері мен техникалық

мүмкіндіктеріне сәйкес келетін этюдтерді үйрену. Негізгі мелизмның барлық түрлеріне арналған дайындық жаттығуларын орындау. Фортепианоның сүйемелдеуімен этюдтерді және шығармаларды жатқа орындау.

4-тақырып. Музыкалық-көркем тапсырмалар. «Белгілі бір сипатта» орындаудың дағдылары мен біліктерін бекіту. Шығармамен жұмыс істеу процесінде образдық ойлауды қалыптастыру. Музыкалық-ырғақ сезімін, музыкалық ойлауды одан әрі дамыту. Фортепианомен және өзге аспаптармен ансамбльде ойнау дағдыларын жетілдіру. Өртүрлі концерттерде өнер көрсетудің ерекшеліктері мен өз-өзін ұстай білу қағидаларына үйрету.

66. 3 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

3 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады.

1) кілттегі үш белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммаларды орындайды;

2) әртүрлі ұзақтықтармен, *detache*, *legato*, *staccato* штрихтарымен гаммалар мен арпеджиоларды, секунда, терция, кварта интервалдары аралығындағы жаттығуларды орындайды;

3) *p*, *f*, *mp*, *mf* динамикалық ерекшеліктерін пайдаланып жаттығуларды орындайды;

4) *staccato* штрихын орындау техникасына ие болады;

5) парақтан оқу және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларына ие болады;

6) негізгі мелизмдердің барлық түрлеріне арналған жаттығуларды орындайды;

7) ансамбльде фортепианомен, аспаптармен ойнау дағдыларына ие болады.

67. 4 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушылар кілттегі төрт белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммаларды, тік қозғалыстағы тоникалық үшдыбыстылықтардың арпеджиосын және олардың қалыпты қарқындағы айналымдарын, техниканың әр түріне арналған 8-10 этюдті, әртүрлі сипаттағы 6-8 пьесаны, ансамбльдік пьесаларды және оркестрлік шығармаларды меңгереді.

68. 4 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Ойын уақытында ыңғайсыздану мен қысылудан арылу. Дыбыс шығару және оның сапасын жақсартумен жұмыс істеу. Штрихтарды орындауды жетілдіру. Парақтан оқу және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Музыкалық терминологияны одан әрі зерделеу.

2-тақырып. Орындау аппаратын дұрыс қою. Негізгі оқу-жаттығу материалын бекіту. Баяу ырғақта ән салу сипатындағы этюдтер мен пьесаларды орындау арқылы дыбыс сапасымен, оның ырғағымен және қарқынымен жүйелі жұмыс істеу. Тыныс алуды дамытуға арналған фактуралардың, жаттығулардың барлық элементтерін пысықтау. Дыбысты бақылай отырып, созылмалы ноталарды, әртүрлі интервалдарды қосумен жаттығулар ойынын орындау.

3-тақырып. Техникалық даму. Күнделікті гаммада ойнау дағдыларын қалыптастыру. Этюдтер мен музыкалық шығармаларда кездесетін мелизмдермен, олардың белгілерімен, ырғақ құрылымының ерекшеліктерімен, жеткілікті орындау дағдылары болған кезде орындау техникасымен жұмыс істеу. Тынысты бөлумен, біртіндеп ұлғайтумен және елеулі шарықтау шегі бар серпінді төмендетумен жұмыс істеу. Қарқынды *crescendo* кезінде жылдамдатуға және *diminuendo* кезінде бәсеңдетуге жол бермеумен жұмыс істеу. Жаттығуларды *pp*-дан *ff*-ге дейінгі динамикалық реңктерді пайдалана отырып орындау.

4-тақырып. Музыкалық-көркем тапсырмалар. Музыкалық назарды шоғырландыру және бөлу дағдыларын қалыптастыру. Ырғақ сезімін, музыкалық ойлауды одан әрі дамыту. Фортепианомен және өзге аспаптармен ансамбльде ойнау дағдыларын жетілдіру. Әртүрлі концерттерде өнер көрсетудің ерекшеліктері мен өз-өзін ұстай білу қағидаларына үйрету.

69. 4 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

4 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) *pp*-дан *ff*-ға дейінгі динамикалық ерекшеліктерді пайдаланып жаттығуларды орындайды;

2) оқытылатын бағдарлама аясындағы музыкалық терминдерді біледі;

3) баяу қарқындағы ыңылдайтын сипаттағы этюдтер мен пьесаларды орындау арқылы дыбыс сапасымен, оның интонациясымен және динамикасымен жұмыс істейді;

4) аспапта ойнау кезінде тынысты бөлуді, шарықтау шыңын көрсете отырып динамиканы көтеруді және төмендетуді біледі;

5) әртүрлі концерттерде өзін ұстау ережелерін және өнер көрсету ерекшеліктерін біледі.

70. 5 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушылар кілттегі бес белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммаларды, тік қозғалыстағы тоникалық үшдыбыстылықтардың арпеджиосын және олардың айналымдарын, әр дыбыстың хроматикалық гаммасын, техниканың әр түріне арналған 8-10 этюдті, әртүрлі сипаттағы 6-8 пьесаны (оның ішінде ансамбльдерді) меңгереді.

71. 5 сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Орындау техникасын жетілдіру, көркем ойнаудың маңызды шарттарының бірі ретінде музыкалық есту қабілетін, аспаптың дыбысты сапалы шығаруын қалыптастыру және дамыту. Шығармашылық және физикалық төзімділікті пысықтау.

2-тақырып. Қорытынды бағдарламаларды дайындау. Орындау аппаратын дұрыс қою. Аспаптың дыбыс шығару сапасын жақсартумен жұмыс істеу. Ыңғайсыздану мен орындау аппаратының бұлшық еттерін қысылудан түпкілікті арылту. Шығарылатын дыбыстың ауқымын кеңейту, дыбыстың біркелкі, тұрақты болуымен, дауыс ырғағының таза болуымен жұмыс істеу. Динамикамен жұмыс істеу.

3-тақырып. Техникалық даму. Анағұрлым күрделі ырғақ формулаларын игеру. Staccato, оның ішінде «қосарланғанды» орындау. Негізгі жаттығу материалын пысықтау: дыбыс сапасын, дауыс ырғағының тазалығын, барлық тіркелімдерде дыбыстың біркелкі шығуын және динамикалық алуан түрлілік пен орындаудың компоненттерін жетілдіру мақсатында гаммалар мен арпеджионың барлық түрлерінде ойнау. Ірі нысандармен жұмыс, концерттерді, сонаттарды орындау ерекшеліктері; ойынның концерттық мәнерін игеру; алуан түрлі концерт репертуарын жинақтау, орындау шеберлігін арттыру.

4-тақырып. Музыкалық-көркем тапсырмалар. Музыкалық шығармаларды түсініп орындауды қалыптастыру. Дауыс ырғағының айқындығы мен сөйлемдердің анықтығымен, орындаудың тұтастығымен жұмыс істеуді жалғастыру. Орындалатын шығармалардың мазмұнын түсінумен және көркем образ жасай білумен жұмыс істеу.

72. 5 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

5 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) орындаушылық техниканың дағдыларына ие болады;
- 2) staccato, «қос» staccato орындайды;
- 3) дыбыс сапасын, интонацияның тазалығы, барлық регистрлерде дыбысталудың қалыптылығы мақсатында гамма мен арпеджионың барлық түрлерін орындайды;
- 4) трубада концерттерді, сонаталарды орындауды біледі;
- 5) ойнаудың концерттік нақышын біледі;
- 6) трубада әртүрлі концерттік репертуарды біледі және орындайды.

73. 6 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

- 1) білім алушылар мажорлы және минорлы гаммаларды, кілттегі бес белгіге дейінгі үшдыбыстылық арпеджиосын және олардың

айналымдарын, жылдам қарқында әртүрлі штрихтарды орындауды, әртүрлі штрихтық және ритмикалық нұсқалардағы хроматикалық гаммаларды, 8-10 жаттығу мен этюдтерді, 4-6 әртүрлі сипаттағы пьесаларды, әртүрлі сипаттағы 4-6 пьесаны (оның ішінде ансамбльдерді), ірі нысанды 1-2 шығарманы, оркестрлік партияларды меңгереді.

74. 6 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Орындау техникасын жетілдіру. Алдыңғы сыныптарда алынған барлық техникалық және шығармашылық дағдылар негізінде музыкалық шығармаларды орындауға қатысты жеке көзқараспен жұмыс істеу. Шығармашылық және физикалық төзімділікті пысықтау.

2-тақырып. Орындау аппаратын дұрыс қою. Дыбыстың сапасымен, оның біркелкі, тұрақты болуымен, дауыс ырғағының таза болуымен, тембрмен жұмыс істеу. Динамикамен жұмыс істеу. staccato, оның ішінде «қосарланғанды» еркін меңгеру. Штрихтық реңктерді игеру үшін қажет орындаушылық дем алу мен тілдің одан әрі өзара іс-қимылы.

3-тақырып. Техникалық даму. Гаммалармен, оның ішінде хроматикалық гаммамен (әртүрлі штрихтық, ырғақтық және қарқындық нұсқаларда орындау) жұмыс. Барлық тіркелімдердің (бұлшықет және есту сезімдерін бақылау) біркелкі естілуімен жұмыс. Әртүрлі техникаға арналған этюдтер. Қорытынды емтиханға этюд дайындау.

4-тақырып. Музыкалық-көркем тапсырмалар. Орындалатын шығармалардың сипатын көрсетуді жетілдірумен жұмыс. Композитордың көркем ойын аша білу және оны тыңдармандарға жеткізе білу.

75. 6 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

6 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) әртүрлі штрихтық, ритмикалық және темптік нұсқалардағы гаммаларды орындайды;

2) аспапта ойнау кезінде барлық регистрлердің бірдей дыбысталуына қол жеткізеді;

3) техниканың түрлеріне арналған этюдтерді орындайды;

4) трубада ойнау кезінде орындалатын шығарманың сипатын жеткізуді, композитордың түпкі ойын ашуды және оны тыңдармаға дейін жеткізуді біледі.

76. 7 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушылар мажорлы және минорлы гаммаларды, кілттегі алты белгіге дейінгі үшдыбыстылық арпеджиосын және олардың айналымдарын, жылдам қарқында әртүрлі штрихтарды орындауды,

әртүрлі штрихтық және ритмикалық нұсқалардағы хроматикалық гаммаларды, 8-10 жаттығу мен этюдтерді, әртүрлі сипаттағы 4-6 пьесаны (оның ішінде ансамбльдерді), ірі нысанды 1-2 шығарманы, оркестрлік партияларды меңгереді.

77. 7 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

Тақырыптық жоспарлау.

1-тақырып. Музыкалық шығарманың көркем талаптарына сәйкес келетін техниканы жетілдіру; көрнекіліктің агогикалық тәсілдерін игеру, шығармашылық және физикалық төзімділікті, 3-4 шығарманы үздіксіз орындау қабілетін пысықтау. Білім алушының шығармашылық перспективасын айқындау. Анағұрлым дарындыларды арнайы орта оқу орындарына түсуге даярлау. Қабылдау емтихандарының талаптарына сәйкес келетін бағдарламалармен жұмыс. Стилі мен жанры бойынша әртүрлі шығармаларды зерделеу. Концерттерге, конкурстарға, фестивальдарға белсенді қатысу. Музыкалық терминологияларды білу.

2-тақырып. Орындау аппаратын дұрыс қою. Дыбыстың сапасымен, оның барлық тіркелімдерде біркелкі, тұрақты болуымен, дауыс ырғағының таза болуымен, тембрмен, филировкамен, вибратормен жұмыс. Бет және ерін бұлшықеттерін қалыптастыруды аяқтау. Ойнау кезінде туындайтын ыңғайсыздану мен бұлшықеттің қысылуынан түпкілікті арылу. Төзімділік пен бірнеше шығарманы қатарынан орындау қабілетімен жұмыс.

3-тақырып. Техникалық даму. Орындау техникасының барлық элементтерін жетілдіру, төзімділік пен сахналық шыдамдылықты пысықтау. Гаммалармен, оның ішінде хроматикалық гаммамен (әртүрлі штрихтық, ырғақтық және қарқындық нұсқаларда орындау) жұмыс. Зерделенген этюдтерді қайталау. Әртүрлі техникаға арналған этюдтер. Қорытынды емтиханға этюд дайындау.

4-тақырып. Музыкалық-көркем тапсырмалар. Әртүрлі сипаттағы, нақыштағы және жанрдағы (оның ішінде ірі нысанды шығармалармен) пьесалармен жұмыс. Көркем мақсат туралы саналы қатынасты және анық түсінікті дамыту, оған игерілген техникалық тәсілдер, орындалатын шығармалардың мазмұнын түсіну негіз болып табылады. Орындалатын шығармаларға қатысты жеке көзқарасты, өзіндік орындау тұжырымдамасын әзірлеу.

78. 7 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

7 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) мыстан жасалған үрлемелі аспаптармен жеке орындауға тән көркемдік-орындаушылық, техникалық мүмкіндіктерді біледі;
- 2) музыкалық терминдерді біледі;
- 3) музыкалық шығармалардың түрлі интерпретацияларын біледі;

4) бағдарламалық талаптарға сәйкес әртүрлі стильдегі және жанрдағы шығармаларды қамтитын трубада ойнауға арналған репертуарды біледі;

5) жеткілікті көркемдік деңгейде музыкалық шығарманы сауатты орындауды біледі;

6) күрделі емес шығармаларды жаттау кезінде техникалық қиындықтарды өз бетімен жеңуді біледі;

7) орындаушылық практикада теориялық білімдерін қолдануды біледі;

8) орындалатын музыкалық шығармаларды талдай алады;

9) музыкалық формалар туралы түсінігі бар.

10) есту арқылы теру және күрделі емес музыкалық шығармаларды парақтан оқу дағдыларына ие болады;

11) мәнерліліктің музыкалық-орындаушылық құралдарын қолдану дағдыларын біледі;

12) естуді бақылау және орындау процесін басқару дағдыларына ие болады;

13) орындалатын шығармаларға теориялық талдау жасау білігіне ие болады;

14) орындаушылық практика, көпшілік алдында жеке өнер көрсету дағдыларына ие болады;

15) ұжымдық шығармашылық қызмет дағдыларына ие болады.

79. Үлгерімді бақылаудың мақсаты білім алушының білім беру бағдарламасын игерудегі нәтижелілігін анықтау болып табылады.

Білім алушылардың бағдарламаны игеруін бақылау – бақылау жұмысы, техникалық сынақ, академиялық концерт түрінде, қорытынды аттестаттау –бітіру емтиханы түрінде іске асырылады.

80. Аттестаттау формасы және білім алушылардың сыныптар бойынша көрсетілімдеріне қойылатын бақылау-бағдарламалық талаптар:

1) 1 сынып – бірінші жартыжылдықта: бақылау жұмысы (қалыпты қарқындағы бір октавадағы C-dur, a-moll гаммасы, 1 пьеса), екінші жартыжылдықта: академиялық концерт (фортепианоның сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы 2 пьеса);

2) 2 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: техникалық сынақ (кілттегі екі белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммалар, 1 этюд), екінші және төртінші тоқсандарда: академиялық концерт (фортепианоның сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы 2 пьеса);

3) 3 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: техникалық сынақ (кілттегі үш белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммалар, 1 этюд), екінші және төртінші тоқсандарда: академиялық концерт (фортепианоның сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы 2 пьеса);

4) 4 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: техникалық сынақ (кілттегі төрт белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммалар, 1 этюд), екінші және төртінші тоқсандарда: академиялық концерт (фортепианоның сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы 2 пьеса);

5) 5 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: техникалық сынақ (кілттегі төрт белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммалар, тура және айналымдағы арпеджиолар, 1 этюд), екінші тоқсанда: академиялық концерт (фортепианоның сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы 2 пьеса), төртінші тоқсанда: бітіру емтиханы (1 ірі нысанды шығарма және пьеса немесе 3 түрлі сипаттағы пьеса, оның бірі кантилена, Қазақстан композиторының шығармасы);

6) 6 сынып – бірінші және үшінші тоқсанда: техникалық сынақ (кілттегі бес белгіге дейінгі мажорлы және минорлы гаммалар, тура және айналымдағы арпеджиолар, 1 этюд), екінші және төртінші тоқсандарда: академиялық концерт (фортепианоның сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы 2 пьеса);

7) 7 сынып – бірінші жартыжылдықта: техникалық сынақ (1 ірі нысанды шығарма), екінші жартыжылдықта: бітіру емтиханы (1 ірі нысанды шығарма және пьеса немесе 3 түрлі сипаттағы пьеса (оның бірі - кантилена). Қазақстан композиторының шығармасын орындау міндетті болып табылады.

81. Музыкалық білім беруде оқыту нәтижелерін бақылау өлшемшарттары пән бойынша ағымдық үлгерім нәтижелерінен және концерттік көрсетілімдерден алған бағаларынан тұрады.

Педагог білім алушының жұмысын бағалау кезінде келесі өлшемшарттарды ескереді: білім алушының аспапты тиісті деңгейде меңгергенін көрсетуі, көркем бейнені толық және сенімді ашуы, орындалатын шығарманың стилін түсінуі және орындаушылық интерпретацияда көрсетуі.

87. Бағалау өлшемшарттары:

1) 5 «өте жақсы» - аталған оқу кезеңінің барлық талаптарына жауап беретін техникалық жағынан сапалы және көркем орындауы; дыбыс шығаруды өз бетінше бақылауы; нысанды жеткізуі, көркемдік мазмұнын білуі; батыл, ашық, эмоциялық тұрғыдан және еркін қозғалыспен орындауы;

2) 4 «жақсы» - техникалық және көркемдік тұрғыдан да біраз кемшіліктермен бар сауатты, тұрақты орындауы; бағдарлама шығармаларындағы музыкалық, техникалық және ырғақтық тапсырмаларды орындауы, бірақ аз ғана кемшіліктерінің болуы; динамикасының жарқындығы жеткіліксіздігі, дауыстардың арақатынасының сараланбауы;

3) 3 «қанағаттанарлық» - орындауда кемшіліктер санының көп болуы: мәтінді толық жаттамауы, техникалық дайындығының әлсіздігі

ойнау көркемдігінің төмендігі, ойын аппаратының еркіндігінің болмауы; орындауы сенімсіз, ырғағы тұрақсыз, дауыс ырғағы ашық емес, қозғалыс үйлесімі жеткіліксіздігі, динамикалық реңктерінің болмауы; мәтіндік қателіктерінің болуы;

4) 2 «қанағаттанарлық емес» - үй жұмыстарының жоқтығы салдарынан болған кемшіліктер кешені, сондай-ақ сабақтан көп қалуы; мәтінді басынан аяғына дейін орындай алмауы; ноталық мәтінді оқу және орындаудың негізгі талаптарын орындай алмау; орындаудың қозғалыс тәсілдерін игермеу;

5) «Сынақ» (баға қойылмайды) – орындауы оқытудың аталған кезеңіндегі тиісті деңгейіне сәйкес.

**Образовательная программа по предмету «Труба» детских
музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ
искусств**

1. Образовательная программа по предмету «Труба» детских музыкальных школ и музыкальных отделений детских школ искусств (далее - Программа) определяет единый комплекс основных характеристик образования, включающий цель, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки результатов обучения по предмету «Труба».

2. В настоящей программе используются следующие понятия:

1) аккорд – сочетание трёх и более музыкальных звуков разной высоты, взятых одновременно;

2) постановка амбушюра – наиболее целесообразное расположение мундштука на губах, форма и характер действия амбушюра и нижней челюсти;

3) аппликатура – порядок расположения и чередования пальцев при игре на музыкальном инструменте;

4) аппликатурная постановка – расположение пальцев на инструменте, организация точных, координированных, устойчиво-рефлекторных, свободных и экономных действий пальцевого аппарата;

5) артикуляционная постановка – положение языка, форма ротовой полости;

6) арпеджио – способ исполнения аккордов на фортепиано некоторых клавишных (ксилофон, виброфон) и струнных инструментах, при котором звуки аккорда следуют один за другим;

7) звукоизвлечение – извлечение, порождение звуков при игре на музыкальном инструменте или пении;

8) атака звука – первоначальный импульс звукоизвлечения, необходимый для образования звуков при игре на каком-либо музыкальном инструменте или при пении вокальных партий; некоторые нюансировочные характеристики различных способов звукоизвлечения, исполнительских штрихов, артикуляции и фразировки;

9) общая постановка – удобный способ держания инструмента в руках, правильное положение корпуса, головы, рук, пальцев и ног;

10) постановка исполнительского дыхания – способы произвольного управления дыханием и правила смены вдоха в процессе игры.

